

«ДАРЫН» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ
«ОРЫС МЕКТЕБІНДЕГІ ҚАЗАҚ ТІЛІ» ПӘНІ БОЙЫНША
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОЛИМПИАДАНЫҢ ЕКІНШІ (АУДАНДЫҚ/ҚАЛАЛЫҚ)
КЕЗЕҢІ (2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫ)

__10__ сынып, __1__ тур

Жұмыс уақыты: 120 минут

I Оқылым бойынша ұпай саны – 40 балл

- 1. Берілген сұрақтарды мәтін мазмұнына сәйкес ретпен (бірізділікпен) орналастыру. (10 балл)
- 2. Мәтінде берілген мәліметті қайда қолдануға болатынын жазу (10 балл)
- 3. Мәтінге қатысты қосымша ақпарат келтіру. (10 балл)
- 4. Мәтінге тақырып қою. (10 балл)

II Жазылым бойынша ұпай саны – 60 балл

- Жеке көзқарастың көрінісі (**10 балл**);
- Фактілі дәлелдер (аргументтер) (**10 балл**);
- Салыстыру және қорытындылау әдістерін қолдану; (**10 балл**);
- Сауаттылық (пунктуация, орфография, логикалық заңдылықтың сақталынуы) (**10 балл**);
- Өмірмен байланыс (**10 балл**);
- Эссе құрылымының сақталуы (**10 балл**).

10 сынып Оқылым

Қазақ ежелден бас киімді кез келген жерге тастай салмай, іліп қойған және ешқашан үстіне отырмаған. Егер бұлай жасаса, бастан бақыты кетеді деп сенген. Бас киімді айырбастамайды, ешкімге сыйламайды, сатпайды. Сыйлыққа тек киілмеген, жаңа бас киім алып беруге болады. Бұл – халқымыз бас киімге деген ерекше құрметін көрсетеді. Сондай қасиетті бас киімдердің бірі – тымақ. Ежелде тымақ атадан балаға мұра етіп қалып отырған. Оны айырбастамаған, аяқ тимеуін қадағалаған. Қазақта шала туған баланы тымаққа салып асырайтын дәстүр бар. Өйткені шала туған сәби ұстауға, бесікке салуға келмейді, сол себепті тымаққа салып, ұстауға ыңғайлы болған. Біреуден кешірім сұрағанда аяғына тымағын тастайтын ғұрып бар. Тымақ тастап кешірім сұрау – келісімге шақырудың ең үлкен белгісі. Тымақты тек ер адамдар ғана киген. Ал әйелдің орамалын басына салмаған. Ежелгі «Жеті жарғы» заң ережелерінде «Сары жаулық» деп аталатын құн түрі болған. Кісі өлтірушінің туыстары құн төлеуге келісетіндерін білдіріп, өлген адамның үйіне орамал жіберетін болған. Күйеуі өлген әйел өзінің қаралы екендігін таныту үшін бір жыл бойы сары орамалды тағып жүретін болған.

Сондай-ақ ата-бабаларымызда бас киімге қауырсын тағу дәстүрі болған. Мұны «Алтын Адамның» бас киіміне тағылған төрт алтын қауырсын және Тамғалы тастағы суреттерде осындай қауырсынды бас киім киген адам суреті бейнеленгенінен байқаймыз. Мифтік наным-сенім бойынша, бұл жердегі адам рухының аспан әлемімен байланыста екендігін білдірген. А.Мұстафина

Оқылым тапсырмалары. 40 балл

1. Берілген сұрақтарды мәтін мазмұнына сәйкес ретпен (бірізділікпен) орналастырыңыз.

(10 балл)

- А) «Тымақ тастау» қандай ғұрып?
 - Ә) Бас киімге қауырсын тағу қандай сенімнің белгісі?
 - Б) «Сары жаулық» қандай құн түрі?
 - В) Тымақты кімдер киеді?
2. Мәтінде берілген мәліметті қайда қолдануға болады? (10 балл)
3. Мәтінге қатысты қосымша ақпарат келтіріңіз. (10 балл)
4. Мәтінге тақырып қойыңыз. (10 балл)

Жазылым. 60 балл

Әдеби эссе тақырыптары

1. Абай дара қазақта
2. Үй тапсырмасы зиянды ма, әлде пайдалы ма?
3. Әр минутта бір бақыт
4. Меймандос қазағым
5. Саналы ұрпақ – жарқын болашақ

Критерийлер:

- Жеке көзқарастың көрінісі (10 балл);
- Фактілі дәлелдер (аргументтер) (10 балл);
- Салыстыру және қорытындылау әдістерін қолдану; (10 балл);
- Сауаттылық (пунктуация, орфография, логикалық заңдылықтың сақталынуы) (10 балл);
- Өмірмен байланыс (10 балл);
- Эссе құрылымының сақталуы (10 балл).

Жалпы ұпай саны – 100 балл